

2021 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, сондай ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 9 наурыздағы № 119 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 наурызда № 8439 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық - атқару кодексінің 18- бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31- бабының 1 - тармағының 14-1), 14 -3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата - анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата - анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13898 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ата - анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерінде осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санынан 2 пайыз мөлшерінде осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санынан 2 пайыз мөлшерінде осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

4. "Көкпекті ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Көкпекті ауданы әкімдігінің интернет – ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкпекті ауданы әкімінің орынбасары Марат Капарович Темиржановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімінің м.а.

М. Темиржанов

Көкпекті ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 9 наурыздағы
№ 119 қаулысына 1 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына 2021 жылға квота мөлшері

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері	
			Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	2	3	4	5
1	"Самар агро-техникалық колледжі" коммуналды мемлекеттік мекеме	67	1	1
	Барлығы	67	1	1

Көкпекті ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 9 наурыздағы
№ 119 қаулысына 2 қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына 2021 жылға квота мөлшері

--	--	--	--	--

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері	
			Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	ж ұ м ы с орындарының саны (бірлік)
1	2	3	4	5
1	"Мәмбет" шаруа қожалығы	115	2	2
2	Жеке шаруашылық серіктістігі "Көкпекті жолдары"	52	2	1
		167	2	3

Көкпекті ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 9 наурыздағы
№ 119 қаулысына 3 қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына 2021 жылға квота мөлшері

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері	
			Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	ж ұ м ы с орындарының саны (бірлік)
1	2	3	4	1
1	"Мәмбет" шаруа қожалығы	115	2	1
2	Жеке шаруашылық серіктістігі "Көкпекті жолдары"	52	2	2
		167	2	3